

Сырдария ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2023 жылғы 30 маусымдағы № 41 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 4 шілдеде № 8435-11 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2025 жылғы 23 желтоқсандағы № 227 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 23.12.2025 № 227 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Сырдария ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшері 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетілсін.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Сырдария аудандық мәслихат төрағасы

Е. Әжікенов